



201\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ 115-Р  
26.06.2019 ж.

**Машина жасауды дамыту жөніндегі  
2019 – 2024 жылдарға арналған  
жол картасын (кешенді жоспарды) бекіту туралы**

1. Қоса беріліп отырған Машина жасауды дамыту жөніндегі 2019 – 2024 жылдарға арналған жол картасы (кешенді жоспар) (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен ұйымдары:

1) Жол картасында көзделген іс-шараларды уақтылы орындауды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне белгіленген мерзімде ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ұсынылған ақпаратты жинақтап, жарты жылда кемінде бір рет Жол картасының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

**Премьер-Министр**

(қол қойылған)

**А. Мамин**

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2019 жылғы « 26 » маусым  
№ 115 - Р өкімімен  
бекітілген

**Машина жасауды дамыту жөніндегі 2019 – 2024 жылдарға арналған жол картасы (кешенді жоспар)**

Р/ с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
<b>I. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету</b>					
1.	Жұмыс істеп тұрған машина жасау кәсіпорындарын жеңілдікті шарттарда өндіріс үшін қажетті шикізатпен және материалдармен (сондай-ақ қара және түсті металдар) қамтамасыз ету жөніндегі тетіктерді әзірлеу	Іс-шаралар жоспары	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша) ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
2.	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар базасында және/немесе жаңа өндірістер құру арқылы Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық аумақтарында орналасатын машина жасауға арналған құйма, шыңдау және қалыптау өндірісі	Іс-шаралар жоспары	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша) ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	бойынша 5 базалық кәсіпорын құру жөніндегі мәселені пысықтау				
<b>II. Реттелетін сатып алу саласындағы қолдау және қазақстандық қамтудың үлесін арттыру шаралары</b>					
3.	2020 – 2024 жж. кезеңіне өндірістік қуаттарды ескере отырып, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуындағы жергілікті қамту үлесін әрбір өңір бөлінісінде машина жасау тауарларын сатып алу кезінде жыл сайын кем дегенде 5 пайыздық тармаққа (алдыңғы қаржы жылының көрсеткіштерінен) ұлғайту	ИИДМ-ге ақпарат	орталық және жергілікті атқарушы органдар	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына	талап етілмейді
4.	Осы Жол картасының 3-тармағына сәйкес әрбір өңір бөлінісінде жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторларды (KPI) бекіту	ИИДМ бұйрығы, облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің қаулысы	ИИДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	2019 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
5.	2020 – 2024 жж. кезеңіне өндірістік қуаттарды ескере отырып, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы компаниялардың, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың сатып алуындағы жергілікті қамту үлесін еншілес тәуелді ұйымдар бөлінісінде машина жасау тауарларын сатып алу кезінде жыл сайын кем дегенде 5 пайыздық тармаққа (алдыңғы қаржы жылының көрсеткіштерінен) ұлғайту	ИИДМ-ге ақпарат	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), «ҚазАвтоЖол» АҚ (келісу бойынша), «Зерде» ҰИХ» АҚ (келісу бойынша)	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына	талап етілмейді
6.	Осы жол картасының 5-тармағына сәйкес еншілес-тәуелді ұйымдар бөлінісінде жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторларды (KPI) бекіту	ішкі бұйрық	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), «ҚазАвтоЖол» АҚ (келісу бойынша), «Зерде» ҰИХ» АҚ (келісу	2019 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
7.	2020 – 2024 жылдар кезеңінде қолданылатын келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуында машина жасау тауарларын сатып алу кезінде өндірістік қуаттарды ескере отырып, жергілікті қамту көрсеткіштерін жыл сайын кем дегенде 5 пайыздық тармаққа (алдыңғы қаржы жылының көрсеткіштерінен) ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтауға жәрдемдесу	ИИДМ-ге ақпарат	ЭМ, «ҚИЭО» АҚ (келісу бойынша)	жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына	талап етілмейді
8.	Машина жасау өнімі үшін 2 жыл мерзімге мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді
9.	Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуында қазақстандық өндірушілер үшін тауарларды жеткізу мерзімін 60 күнге дейін сақтап қалу мәселесін пысықтау	ЭМ бұйрығы	ЭМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)	2019 жылғы тамыз	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
10.	Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуында төлеу мерзімдерін күнтізбелік 30 күнге дейін қысқарту мәселесін пысықтау		ЭМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)	2019 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
11.	Отандық тауар өндірушілермен Off-take келісімшарттар жасасу практикасын енгізу	ИИДМ және ЭМ бұйрықтары	ИИДМ, ЭМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы қараша	талап етілмейді
12.	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың Сатып алу қағидаларына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуден, шарттың орындалуын қамтамасыз етуден, егер өнім беруші «Атамекен» ҰКП қалыптастыратын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндірушілер тізілімінде тұрған жағдайда, тапсырыс берушіге авансты (алдын ала төлемді) ұсынудан босату бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға ұсыныс	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 жылғы қазан	талап етілмейді
<b>III. Техникалық реттеу шаралары</b>					

1	2	3	4	5	6
13.	Машина жасау саласының қамтамасыз етілуі, оның ішінде электр, климаттық, сейсмикалық және акустикалық сынақтарды жүргізу бойынша қамтамасыз етілу тұрғысынан сынау базасына талдау жүргізу және қажет болған жағдайда жаңа зертханалар құру, жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту/толық жарақтандыру бойынша ұсыныстар дайындау	талдамалық ақпарат	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы мамыр	талап етілмейді
14.	Машина жасау саласының материалдары мен өнімдері үшін сертификаттау сынақ орталықтарына арналған жабдықтарды сатып алуға шығындарды қоса қаржыландыру жөніндегі мәселені пысықтау	талдау және есеп-қисаптар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
15.	Ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу	бекітілген ұлттық және мемлекетаралық стандарттар	ИИДМ, мүдделі мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)	2019 – 2021 жылдар	2019 – 2021 жылдарға арналған РБ-да 061 ББ бойынша көзделген қаражат шеңберінде
16.	Стандарттау жөніндегі профильдік	талдамалық ақпарат	ИИДМ,	2019 жылғы	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	техникалық актуализациялау комитеттерді		«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	желтоқсан	
<b>IV. Институционалдық ортаны жетілдіру жөніндегі шаралар</b>					
17.	«Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының тұжырымдамасын әзірлеу	Заң тұжырымдамасы	ИИДМ, ҰЭМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
18.	Қазақстан Республикасының өнеркәсібін дамыту қорын құру жөніндегі мәселені пысықтау	ҰЭМ-ге ұсыныстар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы мамыр	талап етілмейді
19.	Машина жасау индустриясы саласында жаңа прогрессивті стартаптарды қаржыландыру үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ базасында венчурлік қор құру мәселесін пысықтау	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға ұсыныстар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді
20.	Машина жасаудың конструкторлық бюросын құру	Іс-шаралар жоспары	ИИДМ, «Атамекен»	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді



1	2	3	4	5	6
	мәселесін пысықтау		ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)		
21.	Машина жасау кәсіпорындары үшін ақпараттық-консультациялық қызметтерді қаржыландыру мәселесін пысықтау	ҰЭМ-ге, Қаржыминіне ұсыныстар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді
<b>V. Экономикалық ынталандыру шаралары</b>					
22.	«Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысына басым жобаларды кредиттеу үшін машина жасаудың тауарлық топтарын енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені пысықтау	ҰЭМ-ге ұсыныс	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 жылғы тамыз	талап етілмейді
23.	Мыналарды: – Қазақстан Республикасында өндірілген машина жасау	ҰЭМ-ге талдама және есеп-қисаптар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП	2020 жылғы тамыз	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	<p>өнімдерін өткізу бойынша айналымға қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесін қолдануды; – корпоративтік табыс салығы бойынша төмендетілген мөлшерлемелерді қолдануды қоса алғанда, қарсы міндеттемелер қабылдау шартында машина жасау кәсіпорындары үшін салықтық преференциялар беру жөніндегі мәселені пысықтау</p>		(келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)		
24.	<p>Жыл сайын осы мақсаттарға кемінде 8 млрд. теңге бөле отырып, «Даму» КДҚ» АҚ-ның қолданыстағы құралдары шеңберінде екінші деңгейдегі банктердегі машина жасау кәсіпорындарының қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жөніндегі мәселені пысықтау</p>	ИИДМ-ге ақпарат	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді
25.	<p>Капиталға кіру жолымен тікелей инвестициялар қорлары арқылы машина жасау кәсіпорындарын үлестік қаржыландыру жөніндегі</p>	талдамалық есеп	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	мәселені пысықтау		(келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша)		
26.	«ҚДБ-Лизинг» АҚ арқылы машина жасау кәсіпорындарына арналған жабдықтар мен машиналарды лизингке жыл сайын кемінде 50 млрд. теңге мөлшерінде қаржыландыруды бөлу мәселесін пысықтау	ҰЭМ-ге талдама және есеп-қисаптар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы мамыр	талап етілмейді
27.	Лизинг алу рәсімі кезінде қосымша қамтамасыз ету бойынша талаптарды алып тастау бөлігінде «ҚДБ-Лизинг» АҚ лизингтік қаржыландыруды ұсыну шарттары мен тетіктеріне өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау (лизинг нысаналарынан басқа)	«БРК-Лизинг» АҚ-ға ұсыныстар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
28.	Жыл сайын кемінде 50 млрд. теңге сомаға автобустар, тракторлар және комбайндар сияқты машина	ҚЭН	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу	2020 жылғы мамыр	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	жасау өнімдерін (ауыл шаруашылығы, тау-кен, мұнай-газ және электротехникалық машина жасау өнімдерін) сатып алуға «ҚДБ-Лизинг» АҚ лизингтік құралдарын қаржыландыру көлемін ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау		бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша)		
29.	Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындарды өтеудің ең жоғары сомасын 3 000 АЕК-тен 10 000 АЕК-ке дейін ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау және 2 жылдың орнына 3 жыл тарихи шығындар кезеңін белгілеу	ИИДМ-ге ұсыныстар	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), «ҚИЭО» АҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
<b>VI. Саланы білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету</b>					
30.	Өндірістік практикадан өту кезінде шығындарды бірлесіп қаржыландыру бойынша шарттарды белгілеу бөлігінде дуальды білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін пысықтау: 70% мемлекет/оқу орны, 30%	БҒМ-ға ұсыныстар	ИИДМ, Қаржымині, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	жұмыс беруші				
31.	Маркетинг, жаңа технологиялар, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және шығарылатын өнімді экспортқа жылжыту саласында машина жасау компаниялары менеджментінің құзыретін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу	Іс-шаралар жоспары	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы мамыр	талап етілмейді
32.	Машина жасаудағы бизнес жобаларды дайындау және сүйемелдеу бойынша инжиниринг саласындағы консультациялық қызметтерді қаржыландыру жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныс	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді
33.	Машина жасау саласында кадрлар үшін кәсіптік стандарттарды әзірлеу	кәсіптік стандарттар	ИИДМ, Еңбекмині, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 – 2020 жылдар	Дүниежүзілік банк қарыздары бойынша көзделген қаражат шегінде
<b>VII. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуды және жаңаларын құруды ынталандыру</b>					
34.	Мыналарға: 1) қолданыстағы өндірісті жаңғырту мақсатында жабдықтар	ҰЭМ-ге талдама және есеп-қисаптар	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу	2020 жылғы қазан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	сатып алуға; 2) қолданыстағы өндірістерді дамыту және/немесе жаңа өндірістерді құру мақсатында жаңа технологияларды енгізуге, автоматтандыруға және цифрландыруға, техникалық құжаттаманы сатып алуға және әзірлеуге байланысты шығындарды өтеу бөлігінде өнеркәсіптік субсидиялар беру тетігін пысықтау		бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)		
35.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құралдары арқылы, оның ішінде инновациялық және цифрлық технологияларды енгізу жолымен машина жасау кәсіпорындарының өндірісін жаңғырту және жаңарту үшін қаражат бөлу жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ-ге ақпарат	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), ҰЭМ	2021 – 2024 жылдары жыл сайын	талап етілмейді
36.	Инвесторларды тарту үшін машина жасауда кемінде 10 перспективалы жобаны айқындау	жобалар тізбесі	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2020 – 2024 жылдары жыл сайын	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
37.	Машина жасау саласында шетелдік инвестициялары бар жобаларды іске асыру процесін сүйемелдеу	ИИДМ-ге ақпарат	СІМ, «Kazakh invest» АҚ, АХҚО (келісу бойынша) ҚМЖО (келісу бойынша)	2020-2024 жылдары жыл сайын	талап етілмейді
<b>VIII. Машина жасау өнімінің экспортын дамыту және ілгерілету</b>					
38.	Дайын өнімді тасымалдауға ірі кәсіпкерлік субъектілері шығындарының үлесін субсидиялауды ұлғайту бөлігінде Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларына өзгерістер енгізу бойынша мәселені пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныс	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша),	2020 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
39.	Экспорттық қаржыландыру көлемін ұлғайту, сондай-ақ отандық машина жасау өнімін сатып алушылар үшін оны халықаралық нарықтарға экспорттау кезінде бәсекеге қабілетті қаржы құралдарын АҚШ долларымен жылдық 2 %-дан аспайтын деңгейде ұсынуды	ИИДМ-ге ұсыныс	ҰЭМ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша),	2020 жылғы қазан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	қамтамасыз ету жөніндегі тетікті пысықтау		ҚМЖО (келісу бойынша)		
40.	Кемінде 50 млрд. теңге шегінде машина жасау өнімдерін ілгерілетуді қолдауды қамтамасыз ету	ИИДМ-ге ақпарат	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісу бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019-2021 жылдары	РБ-да 090, 246 ББ бойынша көзделген қаражат шеңберінде
<b>Машина жасау секторлары үшін нүктелі қолдау шаралары</b>					
<b>IX. Автомобиль жасау</b>					
41.	Автомобиль жасауды дамыту бағдарламасын әзірлеу қажеттілігіне талдау және қаржыландыру көлемі бойынша есеп-қисаптар жүргізу	талдау және есеп-қисаптар	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)	2019 жылғы қараша	талап етілмейді
42.	Көлік құралдарын сертификаттауға арналған шығындардың 50%-ын өтеуді ұлғайтуды қайта қарау	ИИДМ-ге ұсыныс	ҰКП (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша),	2019 жылғы желтоқсан	талап етілмейді



1	2	3	4	5	6
			ҚазАвтоПром (келісу бойынша)		
43.	Жеңіл автокөлік құралдарын мемлекеттік сатып алу кезінде үлгілік конкурстық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ бұйрығы	ИИДМ, Қаржымині, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша)	2019 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
44.	Отандық өнімдерді Қазақстан Республикасының ішінде автотасушылармен тасымалдау кезіндегі кедергілерді жою жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныс	ҰКП (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша)	2019 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
45.	Автокөлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына арналған құрауыштарды өндіру саласының Жол картасын әзірлеу	ИИДМ бұйрығы	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша)	2020 жылғы мамыр	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
			бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)		
46.	Көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының құрауыштарын өндіруге арналған шикізат және (немесе) материалдар импортын, сондай-ақ көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының құрауыштарын өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС-тан босату жөніндегі мәселені пысықтау	ҰЭМ-ге ұсыныс	ИИДМ, ҚазАвтоПром (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)	2019 жылғы қараша	талап етілмейді
47.	Көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының құрауыштарын өндіруге арналған шикізат пен материалдар импортын кеден баждарын салудан босату жөніндегі мәселені пысықтау	ҰЭМ-ге ұсыныс	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді
48.	Тіркемелерді, велосипедтерді, мотоциклдерді, қаршаналарды, квадроциклдерді, мото жол талғамайтындарды және қар және	ИИДМ-ге ұсыныс	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), (келісу	2020 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	батпақта жүретін машиналарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді пысықтау		бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)		
49.	2020 жылғы 31 желтоқсаннан кейін ұлттық деңгейде моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді әзірлеу жөніндегі мәселені пысықтау, оны енгізу тетігі	ИИДМ-ге ұсыныс	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді
50.	Көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына арналған құрауыштарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасау жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ бұйрығы	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
51.	Қосалқы бөлшектер мен автоқұрауыштарға қатысты құқықтарды жоққа шығарудың өңірлік қағидатын қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныстар	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚазАвтоПром (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша)	2019 жылғы қараша	талап етілмейді
52.	Тендерге қатысушының теңгерімінде отандық өндіріс техникасының болуы туралы шартты тендерлік құжаттамаға енгізу арқылы мемлекеттік сатып алудағы жұмыстар мен техниканы бөлу мәселесін пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныстар	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша) ҚазАвтоПром (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
53.	Электр қозғалтқыштары бар көлік құралдары үшін ынталандыру шараларын пысықтау	2017 жылғы 25 сәуірдегі электромобильдер өндірісін дамыту жөніндегі жол картасына өзгерістер енгізу	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚАБҚ (келісу бойынша) ҚазАвтоПром (келісу бойынша)	2020 жылғы қазан	талап етілмейді
<b>Х. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау</b>					

1	2	3	4	5	6
54.	Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау өнімдеріне кәдеге жарату алымын енгізу	ЭМ-ге ұсыныстар	ИИДМ, ҰЭМ, АШМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚазАгроМаш (келісу бойынша) ҚАБҚ (келісу бойынша)	2019 жылғы тамыз	талап етілмейді
55.	Қазақстан Республикасында өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналар өндірісін ынталандыру	ЭМ мен ИИДМ-нің бірлескен бұйрығы	ИИДМ, ЭМ, АШМ, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚазагроМаш (келісу бойынша) ҚАБҚ (келісу бойынша)	2019 жылғы қыркүйек	талап етілмейді
<b>XI. Теміржол машиналарын жасау</b>					
56.	ҒЗТКЖ шеңберінде сағатына 140 км дейінгі жылдамдықпен қозғалуға рұқсат берілетін жүк вагондарының дәнекерленген конструкциясының арбаларына	техникалық құжаттама	«ҚТЖ» ҰК» АҚ (келісу бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	талап етілмейді

1	2	3	4	5	6
	техникалық құжаттаманы әзірлеу		бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)		
57.	Жүк вагонының арбасына арналған нығыздау үстіндегі арқалықтарды және бүйірлік рамаларды құюды игеру мәселесін пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныстар	«Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), ҚМЖО (келісу бойынша)	2019 жылғы қыркүйек	талап етілмейді

**Ескертпе:** аббревиатуралардың толық жазылуы:

«Атамекен» ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы

АХҚО – «Астана» халықаралық қаржы орталығы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ҒЗТКЖ – ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

ЕАК – есептік айлық көрсеткіш

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

«Зерде» ҰИХ» АҚ – «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» акционерлік қоғамы

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

КазАвтоПром – «КазАвтоПром» Қазақстан автомобиль саласы кәсіпорындарының одағы» заңды тұлғалар бірлестігі

КазАгроМаш – «Агроөнеркәсіп кешені салалары үшін ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтары мен қосалқы

бөлшектерді өндірушілер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

«Kazakh invest» АҚ – «Kazakh invest» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

ҚАБҚ – «Қазақстан автобизнес қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

«ҚазАвтоЖол» АҚ – Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

«ҚДБ-Лизинг» АҚ – «ҚДБ-Лизинг» акционерлік қоғамы

«ҚИЭО» АҚ – «Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамы

ҚМЖО – «Қазақстан машина жасаушылары одағы» заңды тұлғалар бірлестігі

ҚҚН – қосылған құн салығы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

ҚЭН – қаржы-экономикалық негіздеме

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

---